

## «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

ӘӨЖ 94.574

**Жұмағалиева, Б.М.**

*химия ғылымдарының кандидаты,  
жаратылыстану ғылымдары кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры, ҚМПУ,  
Қостанай, Қазақстан*

### ТАРХАН ШАҚШАҚ ЖӘНІБЕКТИҢ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰРПАҚТАРЫ

#### *Түйін*

*Кіріспеде Тархан Шақшақ Жәнібек туралы қысқаша мағлұмат берілген. Негізгі бөлімде Шақшақ Жәнібектің Дәуітбай, Жауқашар, Тоқтамыс балаларынан тараған ұрпақтарының халыққа білім беру саласындағы еңбектері мен қызметтері туралы деректер қысқартылып жазылған.*

*Кілт сөздер: ұрпақ, білім саласы, оқулық, факсмиле.*

«Жәнібек аз сөйлейтін, бірақ мұқият тыңдайтын, ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен шешетін, ақылды да көреген, әрі тәкаппар болды».

Ш.Уәлиханов

#### **1 Кіріспе**

Шақшақ Жәнібек 1693-1752 жылдар аралығында өмір сүрген, қазақ даласының Солтүстік бөлігін XVIII ғасырдың бірінші жартысында жоңғар шапқыншылығынан қорғап қалған қолбасшы. Елизавета Петровнаың указымен 1742 жылы қазақ халқынан бірінші Тархан атағын алған адам. Шақшақ Жәнібек туралы жазылған архивтік деректер, құжаттар, факсмиле өте көп. 1742 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін зерттеу жұмыстары жалғасуда [1, 2]. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2017 жылы Қостанай қаласында ескерткіш қойылып, халықаралық конференция өткізілді.

**Шақшақ Жәнібектің білім саласындағы ұрпақтары.** Еңбек қызыл Ту орденді С.М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің «Химия» факультетінің ширек ғасырдан артық 26 жыл (1954-1980) деканы болған, химия ғылымдарының докторы, ҚазКСР ғылым академиясының корреспондент мүшесі Батырбек Ахметұлы Бірімжанов (1911-1985) – Тархан Шақшақ Жәнібектің тікелей ұрпағы: **Жәнібек – Дәуітбай – Мұса – Шеген – Бірімжан – Қорғанбек – Ахмет – Батырбек.**

«Обучение детей в наших аулах было традиционным делом. Под обучением я имею ввиду обучение русской грамоте, обучению на русском языке. Традиция эта зародилась под влиянием мыслей и дел Тархана Шакшака Жанибека (1693-1752 гг) крупного деятеля казахского народа, того времени...» [3, 19 б.]. Ия, бұл Б.А. Бірімжановтың жазғаны. Бірімжанмен бірге туысқан Шегеннің қызы Айман қыпшақ руына Алтынсарыға тұрмысқа шығады, Ыбырай Алтынсариннің шешесі.

Ы. Алтынсарин қазақ мектебін ашуға үкіметтен рұқсат алғанда оған өз әкесі, туыстары балаларын беруге қарсы болып: «...хватит того, что ты крещенный, мы детей крестить не дадим...» [3, 20 б.] деп бетін қайырып тастайды. Ы. Алтынсариннің Торғайдағы нағашы жұртына келіп, Бірімжан, Қазыбек сияқты беделді билердің көмегімен 1861 жылы бастап, Қазақ сахарасындағы алғашқы қазақ мектебін 1864 жылы бой көтерткен: Шақшақ Жәні-

бектің тікелей ұрпақтары арқасында болатын. Бірімжан бұл мектеке өзінің екі баласын, Қорғанбек пен Ғабдыбекті береді.

Б.А. Бірімжанов өзінің докторлық диссертациясын кейінге қалдырып, алдымен қазақ балалары үшін «Жалпы химия» деп аталатын оқулық жазып шығарды.

«Вот такой он был человек – свою выгоду он предпочел заботе о народе, о тысячах ребят, которым необходим был учебник на родном языке. «Жалпы химия» вышла из печати в 1962 году и стала значительным событием в жизни республики...» [3, 55 б.]. биология ғылымдарының докторы, профессор, Алматы мединститутының кафедра меңгерушісі Іңкар Ахметқызы Бірімжанованың (1915 жылы туған) естелігінен.

Бұл оқулық бүгінгі күні химия пәні оқытылатын жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттерінің әліппесіне айналды, айрықша «Серпін» бағдарламасымен оқуға түскен химия мамандығының студенттері үшін аса бағалы. Бірімжанов Рүстем Батырбекұлы – химия ғылымдарының кандидаты. Жәнібектің **Дәуітбай** ұлынан тараған ұрпақтарының ішінде химия ғылымдарының кандидаты – Қабиев Төкен химия факультетінде жұмыс істеді, ал Мырзағалиева Күлзада филология ғылымдарының кандидаты, қазір ҚМПИ доценті.

Кәкімжанов Тұрсынбай Сегізбайұлы – полковник, Қарағанды жоғары милиция мектебінде кафедра меңгерушісі, декан болып қызмет атқарған зейнеткер, қазіргі уақытта баласы Кәкімжанов Мұрат Тұрсынбайұлы сол мектепте сабақ береді, – полковник. Жүсіпов Ауезхан, Сейітжан Хамзин, Хасенов Серік, Сабитов Құсайындар мұғалімдіктен бастап оқу ісінің меңгерушісі, директорлық қызметке дейін көтеріліп, Жангелдин ауданының оқу саласына еңбегі сіңген азаматтар, өкініштісі қазір арамызда жоқ.

Торғайдағы Ы. Алтынсарин атындағы мектепте Сегізбаев Іргебай (1948-2016) физкультурадан сабақ беріп, Торғайда спорт комитетін басқарды, кәсіптік техникалық училищенің директорының орынбасары қызметін атқарды.



Жәнібектің **Жауқашар** ұлынан тараған Батырбек, Момынбек Айтбаевтар мектепте физикадан сабақ беріп жүрген кезінде майданға алынып, Ұлы Отан соғысында танкист болып, танк өртеніп қаза болады. Сатаев Сейдағали (1902-1986) Ақкөлдегі А. Байтұрсынов салғызған мектеп директоры қызметін атқарған.

Ахметжанов Келман (1923-1953) қазіргі Шақшақ Жәнібек ауылының тумасы Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында жараланып, елге оралып, 1942 жылдан бастап орыс тілі пәнінен сабақ беріп, аудандық оқу бөлімінің инспекторлық қызметтерін атқарған.

Махбуза Мәтіқызы – биология ғылымдарының докторы, профессор, Қауқанұлы Иса (1932 жылы туған) – Мәскеу қаласында түрлі-түсті металдар және алтын институтын бітірген, геология ғылымдарының кандидаты, Алматыда тұрады. Зиятден Төлебаев (1909 жылы туған) – 1929 жылдан бастап 1969 жылға дейін мұғалімдіктен бастап, оқу ісінің меңгерушісі, Жангелдин ауданының Ақсуат, Қаратүбек орта мектептерінде директор болып, 40 жыл өмірін жастарға білім беру саласына арнаған. Нұртай ұлы Шабдар – Камышин ауданының, Ворошилов совхозында ұзақ жылдар бойы мектеп директоры болды, мамандығы – физик. Өтегенова Күлшат 1946 жылы туған – физик, Ақтөбе қаласында мектеп директоры болды, қазір зейнеткер.

Жұмағалиев Хамит (1930-1996) КазГУ-дің механика-математика факультетін бітіріп, Торғайда математикадан, кейін Алматыда республикалық физика-математика мектебінде, содан соң 10 жылдай ҚазПИ-де сабақ берді. Едіресов Қибаш – тарихшы, Жангелдин ауданы-

ның Түйемойнақ, Торғай совхозының мектептерінде директор болды. Қалиев Асқар – 1932 ж. туған, физик, мұғалім, кейін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директорлық қызметтерде болды.

Бижанов Қоянбай (1933 жылы туған) 1959 жылдан 1998 жылдар аралығында математикадан сабақ берген, Қазақ КСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері. Қапанов Жанбай (1930 жылы туған) Қостанай және Алматы педагогикалық институттарында дәріс берген [4, 72 б.].

Досмағамбетов Сақтаған (1938 жылы туған) 1963 жылдан физика, математика пәнінің мұғалімі, директордың орынбасары қызметтерін атқарған. Әулікөл ауданының құрметті азаматы, Ш.Уәлиханов атындағы мектептің құрметті мұғалімі, қазір зейнеткер, Әулікөлде тұрады.

Талқымбаева Нәйля 1976 жылы туған, 2010 жылы медицина ғылымдары бойынша докторлық диссертация қорғаған. Қазір С.А. Асфендияров атындағы Қазақтың Ұлттық Медициналық Университетінде – доцент.

Талқанбаева Салтанат – Әулікөл ауданында С.Баймағамбетов атындағы мектеп-гимназияның директоры, 2017 жылы «За вклад в развитие образования» медалімен марапатталды, 2011 жылы «Лучшие люди Казакстана», 2017 жылы «Лучшие в образовании» энциклопедияларына кірді.

Молдағажиева Алтынай Аркалық агротехникалық колледжінің оқытушысы «100 жаңа есім» атағының иегері.

Жәнібектің **Тоқтамыс** баласынан Топаев Қаражан (1882-1951) Қостанай мұғалімдер мектебін бітірген [5, 390 б.]. Ұстаздық жұмысын Тосын болыстық мектебінде 1901 жылдан бастап 1920 жылға дейін оқу-ағарту қызметкерлері арасынан ең бірінші партия қатарына қабылданған, 1923-1951 жылдары оқу ағарту бөлімінің бастығы, мектеп директоры. Қазақстандық мұғалімдер ішінен елуінші жылдарға дейін Ленин орденін алған 1948 жылы төрт адамның екеуі Жәнібек әулетінің ұрпағы – Қаражан Топайұлы мен Әбсалық Жармұхамбетұлы. Қазіргі уақытта Шақшақ Жәнібек ауылында «Қаражан Топаев» атындағы орта мектеп бар. Қаражаннан басталған династия осы уақытқа дейін жалғасып келеді. Топаев Жүсіп, Топаева Марияштар 50-ші жылдардың басынан 90-шы жылдардың арасында Жангелдин ауданының мектептерінде істеді – Қазақ КСР оқу ағарту ісінің озаттары [6, 76 б.].

Тұрмағанбетова Балдай 1933 жылы туған, қазір Қостанайда, өмірі – Ыбырай мектебінде өтті, қазақ тілі маманы, КСРО білім беру ісінің үздігі, Октябрь революциясы, Еңбек қызыл Ту ордендерінің иегері.

Аппазов Сағи 1942 жылдан Жангелдин ауданының мектептерінде мұғалім, директор болып істеді, орыс, неміс тілін жетік меңгерген сауатты, білімді кісі.

Анапин Хакім Топайұлы (1918-1995) ұстаз, соғыс ардагері. Торғай мектептерінде соғысқа дейін сабақ беріп, соғыстан кейінгі жылдары орыс мектебінде директор болды. Сүйінов Манаш – 1930 жылы туған, мұғалім, мектеп директоры қызметтерін атқарды, қазір Шақшақ Жәнібек ауылында зейнеткер. Ильясов Мұңлыхан – мұғалім, директордың оқу ісінің орынбасары болып жұмыс істеді.

Самыратов Сабырбек 1937 жылы туған, Академик, техника ғылымдарының докторы, 1964-2000 жылдар аралығында Алматы архитектура-құрылыс институтында 2000 жылдан қазақ көлік және коммуникация академиясында кафедра меңгерушісі.

Самыратов Асхат Сабырбекұлы химия ғылымдарының кандидаты.

Хамитов Егізбай (1937-2015) 1961-1998 жылдар аралығында мұғалім, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, 1993 жылдан бастап Астанадағы қазақ-түрік лицейі директорының орынбасары болды. ҚР оқу ісінің үздігі.

Қадірғалиева Мүгілсін 1950 жылы туған, 1972 жылдан мұғалім, қазақ тілі мен әдебиетінің маманы, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, қазір зейнеткер.

Білім беру саласында істемесе де, 1950-1953 жылдар арасында Жангелдин ауданы Шилі колхозының председателі болып істеген Жұмағалиев Мұқан (1907-1981) 1952 жылы

жеті жылдық мектеп салуға тікелей ат салысқан. Мектеп директоры Хусаинов Хамидолланың естелігінен «Керекті қаржыны аудан бөлді, колхоз көмектесті» [7, 17 б.]. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген дәрігер Асқар Байжұмановтың естелігінен «Ол кісі – Хусаинов Хамидолла колхоз басқармасы Мұқан ағамен жаңадан салынып жатқан мектептің жағдайы туралы сөйлесіп тұр екен» [7, 59 б.].

Жұмағалиев Мұқан соғыстан кейінгі тұрмыстың ауыр кезінде интернат салғызып, сол колхоз мүшелерінің балаларын оқыту үшін мүмкіндік жасаған. Сонымен қатар Торғай мемлекеттік банкісінің 1945 жылдан төрағасы – Төлебаев Сейіт Қашағанұлы болған (1907-1989) Жұмағалиев Мұқан сол банкте «Мұқан қорын» ашып Шилі колхозынан Алматыға оқуға түскен студенттерге көмек көрсеткен. Ол кезде Қостанайдан шыққан поезд Новосибирск арқылы Алматыға 10 күннен артық жүреді екен.

Ия, «Жәнібек ұрпақтары қазақ даласындағы ағарту майданының алғы шебінде болды» [6, 75 б.].

Жоғарыда аталған кісілердің бүгінгі күні де ұрпақтары халыққа білім беру саласында қызмет істеуде. Олар туралы жазу келешектің міндеті, дегенмен ортамызда жүрген болашағынан зор үміт күттіретін тарих ғылымдарының кандидаты, 2016 жылғы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы, ҚМПУ оқу-әдістемелік басқарма басшысы Наурызбаева Эльмира мен ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты бірнеше ғылымилығы терең жобалардың авторы А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ профессоры Бейшова Индираны айта кеткен жөн.

#### **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Рыскелді Рахым. Торғау толғауы. Шақшақ Жәнібек – Алаштың Ұлы арысы. – Қостанай, 2017. – 326 бет.
- 2 Ерофеева И.В. Между всеми старшинами знатнейший: Первый казахский Тархан Жанибек Кошқарұлы. – Алматы, 2017 – 308 с. + 12 с.вкл.
- 3 Жумагулов Б.Т. Эпоха Беремжанова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 437 с.
- 4 Жауқашар шежіресі. – Қостанай, ЖШС «Шапақ» баспасы, 2012 жыл. – 88 бет.
- 5 Рсаев Т. Торғай елі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 456 бет.
- 6 Хамитов Е. Тоқтамыс шежіресі. – Астана: «Дәме» баспасы, 2009. – 120 бет.
- 7 Қалдырған ізін мәңгілік. – Шымкент: «Кітап» баспасы, 2007. – 81 бет.

*Мәлімет редакцияға түсті: 26.11.2018*

#### **ЖҰМАГАЛИЕВА, Б.М.**

#### **ПОТОМКИ ТАРХАНА ШАКШАКА ЖАНИБЕКА В ОБЛАСТИ НАРОДНОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ**

*Во введении статьи дано краткое сообщение о звании и деятельности Тархана Шақшака Жанибека.*

*В основной части вкратце написаны труды и деятельности поколений детей Шақшака Жанибека Даутбай, Жауқашар, Тоқтамыс в области народного просвещения.*

**Ключевые слова:** *поколение, образование, книга, факсимиле.*

#### **ZHUMAGALIEVA, B.M.**

#### **DESCENDANTS OF TARKHAN SHAKSHAK ZHANIBEK IN THE FIELD OF NATIONAL EDUCATION**

*The introduction contains a brief report on the rank and activity of Tarkhan Shaksak Zhanibek. In the main part, the works and activities of the generation of children of Shaksak Zhanibek Dautbay, Jaugashar, Toktamys in the field of public education are briefly written.*

**Key words:** *generation, education, book, facsimile.*